

ӘОЖ 654.191

К. Қабылғазина

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: Kabylgazina.klara@mail.ru

Тоталитарлық идеология саясаты және радиожурналистика

Мақалада қоғамның саяси институттарының бірі – идеологияның бұқаралық ақпарат құралдарына, ең алдымен радио және телевидениеге ықпалы жайлы сөз болады.

Түйін сөздер: идеология, социализм, коммунизм, жеке басқа табынушылық, репрессия.

K. Kabylgazina

Politics of totalitarian ideology and radio journalism

This article discusses the ideology of the political institutions of society and the influence of the media, particularly on television and radio journalism.

Key words: ideology, socialism, communism, repression.

К. Қабылғазина

Политика тоталитарной идеологии и радиожурналистика

В данной статье рассматривается идеология политических институтов общества, ее влияние на СМИ, в частности, телевидение и радиожурналистику.

Ключевые слова: идеология, социализм, коммунизм, репрессия.

Жер бетіне адамдар пайда болғаннан бастап, ұжымдық, қауымдық әрекеттер қалыптасып, бірлесіп өмір сүрудің қажеттілігі туындады. Осы топтардың арасында бірте-бірте жағдайды билеп-төстеу, бағыну, басқару, атқару сияқты қарекеттер алға шықты. Сөйтіп, биліктің қоғамдағы рөлі айқындалды. Сол өмір сүруші ортаның ішіндегі қайшылық пен күрес басқарудың қайнар көзі бола отырып, үстемдікке, билікке ұмтылу құмарлыққа айналды. «Билік – саясаттың себебіне» ұласып, жаңағы ортада өзіндік идеология қалыптасты. «Қоғамның ең маңызды саяси институттары қатарына құқық және идеологияны жатқызуға болады. Олар мемлекеттік заң шығарушы және атқарушы билік органдарының – парламент, үкімет, жергілікті басқару органдарының, сонымен қатар саяси партиялар мен бұқаралық ақпарат құралдарының, ең алдымен радио және телевидениенің іс-әрекеттерінде өздерін көрсете алады», – делінген әлеуметтанушылық әдебиеттерде. Сон-

дықтан да әр кезеңде бұқаралық ақпарат құралдары сол дәуірдің айнасы болды.

Соғыстан кейінгі күйреген халық шаруашылығын қайтадан қалпына келтіру кезеңінің ойдағыдай аяқталуы бүкіл кеңестің бұқаралық ақпарат құралдарының тілге тиек болған мәселесі ретінде күн тәртібінде тұрды. Сол тұстағы қалыптасқан дәстүр бойынша қоғам дамуының көрсеткіштері процентке шағылып, ол артығымен орындалды деп есеп беру дағдыға айналған болатын. Міне, осындай даурықпалы, дақпыртты хабарлар беру Қазақ радиосының да жұмысынан орын алды. Сондықтан күйзелген халықты «енді сол күйреген құрылысты қалпына келтірген соң тамаша өмір сүресіңдер», – деп титықтатқан идеология тіпті дендей бастады. Болашақтағы жұмақ өмір орнату жолындағы бесжылдық жоспарлар науқаны басталды. «Толыққанды социализмді орнатып, сонан соң «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» орнайды, ол – «коммунизм», соған жету үшін

халық шаруашылығының жоспарларын артығымен орындау қажет» деген ұран тасталды. Жұмыс уақытынан тыс сенбіліктер, жексенбіліктер ұйымдастырылып, міндетті сегіз сағаттан кейін қалып жұмыс істеу сияқты бүкілхалықтық қозғалыс басталып кетті. Енді партияның осы саясатын насихаттау барлық БАҚ-та, оның ішінде радиода да белең алды.

1954 жылдың наурызынан бастап Орталық радиода ғылыми-көпшілік хабарларды беру жолға қойылды. Тылсым дүниеге жол ашу басталды. Бұның өзі біркелкі «социализм, коммунизм» тақырыбындағы хабарларды тыңдаудан жалыға бастаған тыңдармандарды бір серпілткендей болды. «Күн планетасы», «Айда тіршілік бар ма?» деген сияқты хабарларға қосымша медицина, биология, астрономия, химия т.б. ғылымдар жөнінде танымдық дүниелер көптеп беріле бастады. Қоғамның көптеген жан-жақты салаларын қамтитын бағдарламалар ұйымдастырылды.

Бұдан кейінгі осы кезеңнің айтулы хабарлары 1956-61 жылдары болған Компартияның XX және XXII съездерінің материалдарына байланысты болды. Өйткені, онда Компартияның бірінші хатшысы болған Н.С. Хрущевтің жеке басқа табынушылық саясаты сыналған болатын. ЧК, НКВД, МГБ, КГБ деген атаулар адам ғұмыры үшін, солардың жертөлелерінде атылған сан мыңдаған адамдардың өмірі үшін айыпталды. XX съезде басталған саяси науқан ұзаққа созылып, үкімет басына Л.И. Брежневтің келуімен жалғасты. Әр кезең басшылары өзіндік бір саяси науқанмен есте қалатыны тарихта белгілі. Ал, кейінгі хатшы Қазақстандағы игерілмей жатқан шексіз алқапты орыстандыру саясатын бастады. Ол «тың және тыңайған жерді игеру» деген атпен тарихта қалды. Қазақстанның бүкіл жайылымдық жері қыртысы қопарылып, ең дала егіс алқабына айналды. Тың жерді игеру бүкіл радиобағдарлардың өзегі, көркемөнердің негізгі тақырыбы болды. Кинофильмдер де түсіріліп, музыкалар жазылып, қаншама романдарға арқау болды. Ресейдің түпкір-түпкірінен кезекті «переселендік» кезең басталып, ағылып жұмыссыз, үйсіз-күйсіз жүрген басқа ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қонақжай қазақ халқы кезекті саясаттың тағы да құрбанына айналды. Жер құнарлылығынан айрылып, эрозияға ұшырады. Жергілікті халық ұлттық қасиетінен ажырап, тілі шұбарланып, басып бара жатқан бөгде мәдениеттің, жат жұрттың илеуінде қалды. Қаншама рет зобалаңның, аштықтың, репрессияның құрсауына түскен жергілікті ұлт тағы да бір

«соғыссыз саяси майданның» шырмауына түсті. Әрине, бұның бәрі Қазақ радиосынан да, басқа БАҚ-тың материалдарынан да басқаша түсіндіріліп, «үкімет қамқорындағы» деген нақышпен берілді.

1957 жылы радио Мәдениет министрлігінен бөлініп, Радио және телевизия жөніндегі мемлекеттік комитет болды. 1960 жылдың қазанынан бастап Бүкілодақтық радио тәулік бойы жұмыс істеп, хабар тарататын болды. 1961 жылы радиодан дүниені дүр сілкінткен ақпарат таратылды. Ол 12 сәуір күні космосқа тұңғыш рет адамның ұшқаны туралы болатын.

1962 жылы Қазақ радиосында «Юность» атты жастар бағдарламасы ашылды. Қазақ тілінде «Ұшқын», «Құрдастар» деп аталатын бағдарламалар жастардың сүйікті арнасына айналды. 1964 жылдан ақпаратты-музыкалы «Маяк» радиостанциясы жұмыс істей бастады. Кейіннен осы радионың қазақша пішіні «Шалқар» болып Қазақ радиосында ашылды. Ұлттық бояуға қанық, ұлттық музыка, мәдениет, салт-дәстүр, тағылым т.б. арқылы ерекшеленетін бұл радио халықтың сүйікті арнасы болды. Алайда, арна жабылып, шығармашылық ұжым таратылып, басшылар тарапынан үлкен қателік жасалды. Кейіннен қайта ашылуға рұқсат етілген-ді, бірақ арна тыңдарман аудиториясын жоғалтып алды. Ал, «Шалқардың» құрдасы болып өмірге келген Ресейдегі «Маяк» радиосының 40 жылдығы ұлттық үлкен мереке ретінде тойланып өткендігі баршаға мәлім.

1965 жылы Гитлерлік Германияны жеңудің 20 жылдығы барлық ақпарат майданы жауынгерлерінің тіліне тиек болды. Соғыс ардагерлерін марапаттайтын деректі-көркем циклды хабарлар көбейді. Бағдарламалар көптеп ашылды. Деректі әңгіме, радиокомпозиция, радиоочерк, радиофильмдер деген сияқты жанрлар молая түсті. Әрі қарай қоғамдық саяси науқандарға жол берілді. Ұлы Қазан төңкерісінің 50 жылдығы, В.И. Лениннің 100 жылдығы сияқты мерекелер бірінен кейін бірі хабарлар желісіне айналды. Концерттер мен спектакльдерді радио арқылы трансляциялау белең алды. Халықты рухани демеуге арналған көңіл көтеру бағдарламалары ашылды, жастар мен балаларға арналған хабарлардың уақыт мөлшері көбейе бастады. «Мәдениет радиоуниверситеті» жұмыс істеп, руханиятқа үлес қосты. Ал, 1967 жылдан бастап 3 арналы радиобағдар тарату дамыды. Тыңдармандар алуан түрлі хабар тыңдау мүмкіндігіне қол жеткізді. Одақтас республикаларда радионы, те-

левизияны дамытуға көңіл бөліне бастады. Бүкілодақтық радиоға қатысты республикаларда 162 комитет құрылды, оның ішінде одақтас республикалық 14, автономиялық – 20, өлкелік – 6, 109 облыстық және округтік комитеттер құрылды. Бұның бәрі радио жұмысын жандандырып, дамыта түсу үшін атқарылған шаралар болатын.

Мемлекеттік идеологияның ықпалы тек қана жақсы жақтарынан көрінбеді. Соғыстан кейінгі жылдары антиинтеллектуалды саясат етек алды. Ғылым, мәдениет, білім, әдебиет т.б. қоғамдық салалар социалистік және буржуазиялық болып бөлінді. Идеологияға «қарсы» шығарма жазған жазушыларға, ән жазған композиторларға т.б. қарсы істер қозғалды. Ресейде Анна Ахматова, Сергей Эйзенштейн, Михаил Зощенко, Михаил Булгаков сынды азаматтар шығармаларын сынау басталды, жала жабылды, үй тұтқынында ұсталды. Сөйтіп, басқа елдермен араға темір қақпа орнатылды. Социализм болашағынан басқа ешнәрсені де ойлауға мүмкіндік берілмеді. Қазақ зиялылары да осы науқаннан тыс қалмады. Көптеген жазушылар, ғалымдар, тарихшылар тіпті заманның ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовке дейін қудаланды». Ресейдегі әріптес жолдастары алып қалмағанда халық, бүтіндей ұлт өкілдері жауапты болар ма еді, тарихшы Е. Бекмахановтың тағдырын кешер ме еді?» деген сүреңсіз сұрақтар тарихтың қойнауында қалды. Руханиятқа қарсы зобалаңның, зиялыларды, ойшылдарды қудалаудың небір китүрқы түрін көрген халықтың еңсесі езілді.

1970 жылы Бүкілодақтық радиоға Лапин деген азамат төрағалық қызметке келген. Ол соғысқа дейін сонда қызмет істеген. Үкімет қаулы-қарарларын, бұйрықтарын қалтқысыз орындайтын адам ретінде санада қалған. Радио-журналистердің жасаған хабарларын қаралау,

кез келген жерден кінә тауып, айыптау сияқты жайлар осы басшының тұсында орын алды. «Жолсапарға кеткен журналист қайтып келгенінде оның жұмыстан қуылғаны жайлы құжат дайын тұратын еді» деп еске алады ардагер-радиожурналистер естеліктерінде. Олардың кез келген сөзінен үкіметке қарсы қателік табылатын. Сонымен тағы да қара тізім жасалып, өзіндік репрессия басталған. Журналистер бойын жалтақтық, сенімсіздік белгілері дендеді. Осы кездері бірін-бірі қайталайтын айдарлар көбейді. Тындармандар аудиториясы жоғала бастады. Нақты өмір бүркемеленіп, «біздің кеңестік өмір осындай» деген идеология үстемдік етті. Орыс ақыны К. Чуковский: «Радио-опиум для народа» деп жазды. 1970 жылы осы басшының нұсқауымен «Алтын қорды тазарту» жұмыстары жүргізілді. Солақай басшының кесірінен қаншама қымбат дауыстар, материалдар өшірілді. Осылайша Бүкілодақтық радио жаңа кезеңге көшті. Ал, Қазақ радиосының «Алтын қоры» ондай жадағай саясаттың құрбаны болып үлгерген жоқ, өйткені одақтық солақайшыл науқан дер кезінде тоқтатылып үлгерген еді. XX ғасырдың елуінші жылдарында Қазақ радиосының материалдық-техникалық базасы үкімет қамқорлығына алынып, жаңа аппаратуралармен толығып, құрал-жабдықтар бөлінді. Сирек дауыстар жазылған хабарлар, концерттер, әдеби-музыкалық радиокомпозициялар, радиопьесалар сол тұстары пайдалануға берілген магнитті ұнтаспаларға жазылып, ең таңдаулы деген туындылар «Алтын қорға» алынды. Ал, ондай дүниелерді сараптау Көркемдік кеңестің ұйғарымы арқылы жүзеге асырылатын. Күні бүгінге дейін сол құнды дүниелерді көздің қарашығындай сақтап отырған «Алтын қор» қызметкерлері тарихты болашақпен жалғастырушылар екендігі ақиқат.

Әдебиеттер

- 1 Омашев Н.О. Радиожурналистика: оқулық. – Алматы, 2005.
- 2 Әлеуметтану: оқулық; жалпы редакциясын басқарған М.М.Тәжин. – Алматы, Қазақ университеті, 2005.
- 3 Жақып Б.Ө. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. Генезис, эволюция, поэтика. – Алматы: Білім, 2004.
- 4 Қабылғазина К. Дәуір үні: оқу құралы. – Арай, 2003.

References

- 1 Omashev N.O. Radiojournalistika. – Almaty, 2005.
- 2 Aleymettanu: Qazaq universiteti. – Almaty, 2005.
- 3 Jakyp B. Qazaq publististikasy. – Almaty, 2004.
- 4 Kabylgazina K. Dauyr uni: oku kuraly. – Almaty, 2003.